



Қарасу негізгі мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» бағдарламасы аясында жүргізілген жұмыстар

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАқ Ғылыми-әдістемелік Кеңестің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында Қарасу негізгі мектебінде мектеп директорының 03қазан 2023 жыл №18 бұйрығы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылды. Арнайы кабинет ашылды.



Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
«Ата – аналарды педагогикалық қолдау
орталығы» кабинеті ашылды.

Мақсаты: балалардың әл – ауқатын қамтамасыз етуде ата – аналар мен мектептің арасындағы тиімді өзара іс – қимыл жағдайларды қамтамасыз ету. Ашылу салтанатына ауылымыздағы көп балалы, ардақты ана, 83 жастағы Айсұлу әже келіп, өз тілегін білдіріп, шашуын шашты




«Баланың бас ұстазы – ата-ана. Позитивті тәрбие»
тақырыбында сабақ өткізілді.

Сабақтың мақсаты: оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту.

Міндеттері:

1. Ата-аналарды позитивті ата-ана болу құзыреттерін игеруге ынталандыру.
2. Ата-аналарды позитивті ата-ана болудың мәнімен, қағидаттарымен, әдістерімен таныстыру.
3. Ата-аналарға позитивті ата-ана болу дағдыларын игеруге көмектесу



ПУБЛИКАЦИЯ РАЗМЕЩЕ...
ОТ @KARASUNEGIZGIMEKTEBI

Қатынасқа тиісті ата – ана саны – 17

Қатынасқаны – 15

Өткізген: 7-8 сынып жетекшісі: Г.С.Утемисова

**«Ақыл айтпа, жол көрсет. Жасөспірімнің бейімделуі»
тақырыбында сабақ өткізілді.**




Мақсаты: ата-аналардың балаларды жаңа жағдайға бейімдеу қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

1. Бейімделу кезеңінде балаларда физиологиялық және эмоционалдық өзгерістер болатынын түсіндіру.
2. Ата-аналарды баланың негізгі мектепте оқуға бейімделуінің физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру.
3. Оқушыға психологиялық қолайлы жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

Қатынасуға тиісті ата – ана саны – 17, Қатынасқаны - 14
Өткізген: 9 сынып жетекшісі: А.Ж.Нургалиева



«Балаға үйрету: ақылды мейірімге орап бер» тақырыбында сабақ өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.

Міндеттері:

- ата-аналардың жас дағдарысы кезеңінде баламен өзара түсіністікке қол жеткізуге деген ұмтылысын дамыту;
- ата-аналардың адам дамуындағы жас кезеңдерінің мәдени бастаулары туралы, жасөспірімдер дағдарысы кезеңінің экологиялық өмір сүру ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету;
- ата-аналардың сындарлы келіссөздер жүргізу, жанжалдарды шешу, реніштерді кешіру дағдыларын қалыптастыру.



Қатынасуға тиісті ата – ана саны – 17
Қатынасқаны - 12

Өткізген: 5 – 6 сынып жетекшісі: Г.Қ.Арынғазы




**Тақырыбы: Бұлақ көрсең, көзін аш
Шығармашыл тұлғаны тәрбиелейміз**

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1. Балалардың дамуындағы шығармашылықтың маңызы туралы ата-аналардың идеяларын кеңейту және тереңдету;**
- 2. Отбасы жағдайында баланың шығармашылық әлеуетін толық дамыту үшін ата-аналардың назарын балалар шығармашылығына аудару.**
- 3. Ата-аналардың отбасында баланың шығармашылық қабілетін ұлттық ойындар негізінде дамыту дағдыларын жетілдіру**



ПУБЛИКАЦИЯ РАЗМЕЩЕ...
ОТ @KARASUNEGIZGIMEKTEBI

Қатынасуға тиісті ата – ана саны – 17

Қатынасқаны - 15

Өткізген: 9 сынып жетекшісі А.Ж.Нурғалиева



Тақырыбы: «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері

Мақсаты: Интернет ресурстарын қауіпсіз пайдалану мәселесі бойынша ата-аналардың білімін арттыру

Міндеттері:


Интернетке тәуелділіктің, кибербуллингтің алдын алу мәселелері бойынша

ата-аналардың қызығушылығын арттыру.

2. Ата-аналардың қауіпсіздік мәселелері, ықтимал және интернет қауіптерінен

қорғану жолдары туралы түсініктерін кеңейту.

3. Ата-аналардың өздерін және жасөспірімді медиакеністікте қорғануға үйрету.



ПУБЛИКАЦИЯ РАЗМЕЩЕ...
ОТ @KARASUNEGIZGIMEKTEBI

Қатынасуға тиісті ата – ана саны – 17

Қатынасқаны – 15

Өткізген: 7 – 8 сыныптар жетекшісі

Г.С.Утемисова



«Әр нарсеннің өлшемі бар...»

«Қажет» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады




Сабақтың мақсаты: ата-аналардың жасөспірімнің талаптары мен қалауы арасындағы тепе-теңдікті ұстау қабілетін дамыту, ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

- ата-аналардың баламен оң қарым-қатынас жасауға, жасөспірімдер ортасында құқық бұзушылықтардың алдын алуға деген ұмтылысын дамыту;

- ата-аналардың жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі және мінез-құлықты реттеу тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту;

- жасөспіріммен жағымды қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.



ПУБЛИКАЦИЯ РАЗМЕЩЕ...
OT @KARASUNEGIZGIMEKTEBI

Қатынасуға тиісті ата – ана саны – 17

Қатынасқаны – 15

Өткізген: 5 – 6 сыныптар жетекшісі

Г.Қ.Арынғазы

«Отбасы – бақыт бесігі . Ата-ана өмірінің

басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу»

тақырыбында сабақ өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі

ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын

қалыптастыру.


Қатынасуға тиісті ата –

ана саны – 17

Қатынасқаны - 13

Өткізген: 1 сынып

жетекшісі: Д.Қ.Құралова



ПУБЛИКАЦИЯ РАЗМЕЩЕ...
OT @KARASUNEGIZGIMEKTEBI

«Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?»




тақырыбында сабақ өткізілді.

Мақсаты: мектептің оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін балалардың когнитивтік дағдыларын дамытуға ата-аналардың дайындығын қалыптастыру.

Қатынасуға тиісті ата – ана саны –17

Қатынасқаны - 17

Өткізген: 2-3 сынып жетекшісі: М.Р.Ермек



ПУБЛИКАЦИЯ РАЗМЕЩЕ...
ОТ @KARASUNEGIZGIMEKTEBI



«Әрбір бала – жарық жұлдыз.

Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?»

тақырыбында сабақ өткізілді.


Мақсаты: Ата-аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, өз баласының ерекше қырларын ашуға дайындығын қалыптастыру.

Қатынасуға тиісті ата – ана саны – 17

Қатынасқаны - 14

Өткізген: 4 сынып жетекшісі:

Б.С.Жолшина




ПУБЛИКАЦИЯ РАЗМЕЩЕ...
ОТ @KARASUNEGIZGIMEKTEBI

«БАЛАНЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ МЕН ЭРУДИЦИЯСЫН ҚАЛАЙ ДАМУҒА БОЛАДЫ?»



Мақсаты:
ата-аналардың үйде балалардың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды қолдану дағдыларын дамыту.

Қатынасуға тиісті ата – ана саны – 17
Қатынасқаны - 15



Өткізген: 1 сынып жетекшісі:
Д.К.Құралова

ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВ...
ОТ @KARASUNEGIZGIMEKTEBI

Сонымен бірге 1-4-сынып ата-аналарымен «Тәліммен өрілген өмір», 5-9-сынып ата-аналарымен «Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» тақырыптарында ата-аналарды қолдау орталығының сабақтары өтілді. Аталған оқу жылына жоспарланған жоспар толық орындалды. Сабақтарға ата-аналардың қатысымы өте жақсы. Өтілген барлық жұмыстар хаттамаланып, дәлелдеме құжаттары жинақталды. Өтілген барлық жұмыстар мектептің *Karasunegizgimektebi* әлеуметтік парақшасына жарияланды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

А.Т.Дуйсегалиева

**Қарасу негізгі мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы
«Даналық мектебі» клубы бойынша өтілген жұмыстар
қорытындысы**

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАқ Ғылыми-әдістемелік Кеңестің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында Қарасу негізгі мектебінде «Даналық мектебі» клубы құрылды.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін пайдалану мақсатында «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде төмендегідей жұмыстар жүргізілді.



«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Даналық мектебі» жобасының жоспарына сәйкес «ЖЕҢГЕ КЕҢЕСІ» секциясының «МҰНЫ ҚЫЗДАР БІЛУГЕ ТИІС...»

тақырыбында 6 – 8 сынып қыздарына арналған сабақ өтті.

Мақсаты: қазақтың дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланың тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану.

Міндеттері:

- жеңгенің отбасында қыз баланың қамқоры екендігін түсіндіру;
- жеңгенің отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтаушы ретінде рөлін ашу;
- қазақтың салт-дәстүрін сақтаудағы келіннің рөлін ашу арқылы қыз балаларды болашақ өмірге даярлауда тәрбие берудегі үлгісін нақты мысалдармен ашу.



«Әже даналығы» мектебі бойынша «Ертегі – танымның көзі» интерактивті сабағы

Шара барысында әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуеті жан-жақты ашылып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге керектігі талқыланды.



**«Әже даналығы» мектебі бойынша
«Ырым-тыйым – әдептілік негізі»
дөңгелек үстелі өтті**
Жұмыс барысында әдептілік туралы
тұжырымдар жасалып, ырымдар және
оның маңызы туралы түсіндіріліп, ырым
тыйымның ұлттық тәрбиедегі орнын
ашып, мәнін айқындады. Аталған
шараға 4- әже қатысты.



**«Аға қамқорлығы» мектебі бойынша
«Ер жігітке жарасар салауатты
бейнесі» сайысы**

Аталар мектебі жоспарына сәйкес «Жеті атасын білген жұр, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді. Мақсаты: Шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау. Аталған шара негізінде оқушылар шежіренің мағынасын толық ұғып, қан тазалығы ұлт болашағы екендігін, әулет тарихын білудің маңыздылығын ұғынды. Сонымен бірге «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау мақсатында іс-шара өтілді.

Жалпы «Даналық мектебі» клубы аясында жоспарланған барлық жұмыстар өз деңгейінде жоспарға сай ұйымдастырылды. Өтілген жұмыстар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

А.Т.Дуйсегалиева